



Теміртау қаласы әкімдігінің

2024 жылғы «15» желтоқсан

№ 60/22 қаулысымен

бекітілген

«Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ЖАРҒЫСЫ

Теміртау қаласы
2024 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Бұдан әрі серіктестік деп аталатын «Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

2. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға міндетті.

3. Серіктестіктің өз атауымен бланкілері және қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

4. Серіктестік өз қызметінде Конституцияны, Азаматтық кодексті, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексін» және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, серіктестік заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

6. Серіктестік құрылтайшының жазбаша келісімінсіз құқылы емес:

- ғимараттарды, құрылыстарды, мүлікті иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге, ұзақ мерзімді жалға беруге, уақытша өтеусіз пайдалануға беруге;

- құрылтайшыға тиесілі жарғылық капиталға билік етуге;

- үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беруге;

- қарыз беруге.

7. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді.

2. Серіктестіктің фирмалық атауы, орналасқан жері және мекенжайы

8. Серіктестіктің фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде:

«Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқаша «Оқжетпес-Т» ЖШС.

орыс тілінде:

Товарищество с ограниченной ответственностью «Оқжетпес-Т», сокращенное наименование ТОО «Оқжетпес-Т».

9. Серіктестіктің орналасқан жері: 101400, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Қарағанды көшесі 47.

10. «Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

11. Серіктестік өз қызметінен түскен кірістер есебінен ұсталады.

3. Серіктестіктің құрылтайшысы

12. Серіктестіктің құрылтайшысы:

Теміртау қаласының әкімдігі «Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі атынан.

БСН 010840003064

Занды мекенжайы: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Тәуелсіздік бульвары, 9

4. Серіктестіктің мәні және мақсаттары

13. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылады.

14. Серіктестік қызметінің мәні:

- 1) Жылу энергиясын беру және тарату;
- 2) Жылу энергиясымен жабдықтау;
- 3) Электр энергиясын беру;
- 4) Суды жинау, өңдеу және тарату;
- 5) Ағын суларды жинау және өңдеу;
- 6) Электр энергиясын тарату;
- 7) Дербес қазандықтардың жылу энергиясын өндіруі;

5. Серіктестікке қатысушының құқықтары мен міндеттері

15. Серіктестікке қатысушы құқылы:

1) осы жарғыда айқындалған тәртіппен серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) серіктестік қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;

4) серіктестік таратылған жағдайда оның мүлкінің кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі үлесіне сәйкес келетін бөлігін немесе оның құнын алуға;

5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) серіктестік басшысының, оның орынбасарларының лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін, оларды сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін – құрылтайшы белгілейді;

7) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша енгізіледі;

8) серіктестік органдарының Заңда және осы жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге де құқықтар.

16. Серіктестікке қатысушы міндетті:

1) осы жарғының талаптарын сақтауға;

2) серіктестіктің жарғылық капиталына салымдарды осы жарғыда көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде енгізуге;

3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 17-бабы 2-тармағының 2-тармақшасында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда тіркеушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

17. Серіктестікке Қатысушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқара алады.

18. Қатысушы мен серіктестік арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Серіктестік органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті

19. Серіктестіктің органдары:

1) серіктестіктің жоғары органы оның Қатысушысы болып табылады;

2) серіктестіктің атқарушы органы Бас директор болып табылады, оны Қатысушы 5 жылға дейінгі мерзімге тағайындайды, онымен еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

20. Серіктестікке Қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) серіктестіктің жарғысын, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, өзгерту немесе серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау;

3) серіктестіктің байқау кеңесінің және (немесе) тексеру комиссиясының (ревизорының) өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту. Серіктестіктің байқау кеңесі серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге, сондай-ақ есептер мен қорытындыларды бекітуге құқылы. Байқау кеңесі серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Байқау кеңесінің функцияларын орындау серіктестік құрылтайшысының өкіліне 3 жыл мерзімге тапсырылуы мүмкін.

4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

5) серіктестіктің жарғысымен бекітілуі серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

6) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

7) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

8) серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

9) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;

10) серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім.

11) серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселелерді қарауға қатысуға, сондай-ақ серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға.

21. Бас директор Қатысушыға есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

22. Бас директордың құзыретіне құрылтайшының құзыретіне жатпайтын серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

23. Серіктестіктің бас директорының өкілеттіктері:

1) серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттарды, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттарды береді;

3) Қатысушы ұсынатын шектерде серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық айлық ақылар мен дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

4) ағымдағы және перспективалық жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

5) қаржы-шаруашылық қызметі және мүліктің сақталуы үшін жеке жауапты болады.

6) Қатысушының құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

24. Бас директордың қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін серіктестіктің Құрылтайшысы байқау кеңесін құру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Серіктестіктің байқау кеңесінің қызметі және оның шешім қабылдау тәртібі Қатысушы қабылдаған қағидалармен және өзге де құжаттармен айқындалады.

7. Серіктестіктің таза табысын оның қатысушылары арасында бөлу

25. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу серіктестікке Қатысушының серіктестік қызметінің тиісті жылдағы нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүргізіледі.

26. Серіктестік пайданың кемінде 5% осы мақсаттарға бағыттай отырып, резервтік капиталды қалыптастырады.

8. Серіктестікке қатысушыға серіктестіктің қызметі туралы құжаттар мен ақпарат беру тәртібі

27. Серіктестіктің бас директоры жыл сайын серіктестікке Қатысушыға серіктестіктің өткен жылғы қызметі туралы ақпарат береді.

28. Серіктестіктің Бас директоры серіктестіктің қызметі туралы ақпарат бергеннен кейін Қатысушы серіктестіктің өткен кезеңдегі қызметін қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз деп бағалап, айқындайды.

29. Серіктестікке Қатысушылардың құрамы өзгерген жағдайда серіктестіктің Бас директоры серіктестікке Қатысушының шешімі қабылдағанға дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын не жалпы жиналысқа дейін (егер құрылтайшылардың саны біреуден көп болса) серіктестікке Қатысушыны хабардар етеді және серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты серіктестікке Қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға ұсынады.

30. Серіктестіктің Бас директоры Қатысушының жазбаша сұрау салуы бойынша серіктестіктің өз мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты Қатысушы белгілеген мерзімдерде ұсынады.

31. Серіктестіктің үлестерді сатып алушыларға қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен көлемі Жарғыда, Қатысушының шешімінде және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

32. Серіктестікке Қатысушының талабы бойынша серіктестік белгіленген мерзімде серіктестік қызметіне қатысты құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті:

- 1) серіктестік жарғысын;
- 2) белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға рұқсаттар;
- 3) серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 4) байқау кеңесі қызметінің мәселелері жөніндегі материалдар, атқарушы органның хаттамалары (шешімдері).

33. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат заңнама талаптарында айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында жылына кемінде екі рет жарияланады.

9. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері туралы мәліметтер

34. Серіктестіктің жарғылық капиталы

құрайды, ол серіктестікті мемлекеттік қайта тіркеу кезінде толық қалыптасқан.

35. Мемлекеттік салым:

36. Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне және өзге де мүлікке құқығы болуы мүмкін.

37. Қатысушының шешімі бойынша Қатысушы жүргізетін қосымша жарналарды азайту немесе енгізу арқылы серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

38. Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

10. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

39. Серіктестік Қатысушының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

40. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.


11. Қорытынды ережелер

41. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

42. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған сәтте тоқтатылады. Айналысуға рұқсат алу қажет болатын қызмет саласындағы заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсат алынған сәттен бастап туындайды және ол алынған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

Серіктестіктің (қатысушысы) құрылтайшысы:

«Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысының міндетін атқарушы
К.М.Хасенов





Утвержден постановлением
Акимата города Темиртау
от 15 декабря 2024 года
№ 60/22

УСТАВ

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Окжетпес-Т»

г. Темиртау
2024 год

1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Окжетпес-Т», именуемое в дальнейшем товарищество является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

2. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

3. Товарищество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

4. Товарищество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее - Закон), Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», «Предпринимательский кодекс» Республики Казахстан и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

5. Товарищество не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

6. Товарищество не вправе без письменного согласия учредителя:

- отчуждать или иным способом распоряжаться, сдавать в долгосрочную аренду, предоставлять во временное безвозмездное пользование здания, сооружения, имущество;
- распоряжаться принадлежащим учредителю уставным капиталом;
- выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц;
- предоставлять займы.

7. Товарищество отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.

2. Фирменное наименование, место нахождения и адрес товарищества

8. Фирменное наименование товарищества:

на государственном языке:

«Окжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқаша «Окжетпес-Т» ЖШС.

на русском языке:

Товарищество с ограниченной ответственностью «Окжетпес-Т»,
сокращенное наименование ТОО «Окжетпес-Т».

9. Место нахождения товарищества: 101400, Республика Казахстан,
Карагандинская область, город Темиртау, улица Караганды 47.

10. Товарищество с ограниченной ответственностью «Окжетпес-Т»
является субъектом крупного предпринимательства.

11. Товарищество содержится за счет доходов от собственной
деятельности.

3. Учредитель товарищества

12. Учредителем товарищества является:

Акимат города Темиртау в лице Государственного учреждения «Отдел
жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта,
автомобильных дорог города Темиртау».

БИН 010840003064

Юридический адрес: Карагандинская область, г. Темиртау, бульвар
Независимости, 9

4. Предмет и цели товарищества

13. Основной целью деятельности товарищества является извлечение
доходов.

14. Предметом деятельности товарищества являются:

- 1) Передача и распределение тепловой энергией;
- 2) Снабжение тепловой энергией;
- 3) Передача электрической энергии;
- 4) Сбор, обработка и распределение воды;
- 5) Сбор и обработка сточных вод;
- 6) Распределение электрической энергии
- 7) Производство тепловой энергии самостоятельными котельными;

5. Права и обязанности участника товарищества

15. Участник товарищества вправе:

- 1) участвовать в управлении делами товарищества в порядке,
определенном настоящим уставом;
- 2) получать информацию о деятельности товарищества и знакомиться
с его бухгалтерской и иной документацией;
- 3) получать доход от деятельности товарищества, принимать участие
в распределении чистого дохода;
- 4) получать в случае ликвидации товарищества часть его имущества,
соответствующую его доле в имуществе товарищества, оставшейся после
расчетов с кредиторами, или его стоимость;
- 5) прекратить участие в товариществе путем отчуждения своей доли;

6) размеры должностных окладов руководителя товарищества, его заместителей система их премирования и иного вознаграждения устанавливается – учредителем;

7) изменения и дополнения в учредительные документы вносятся по решению Учредителя;

8) оспаривать в судебном порядке решения органов товарищества, нарушающие его права, предусмотренные Законом и настоящим уставом;

9) иные права, установленные действующим законодательством Республики Казахстан.

16. Участник товарищества обязан:

1) соблюдать требования настоящего устава;

2) вносить вклады в уставный капитал товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные настоящим уставом;

3) не разглашать сведения, которые товариществом объявлены коммерческой тайной;

4) письменно извещать исполнительный орган, а также регистратора в случае ведения реестра участников товарищества об изменении сведений, предусмотренных подпунктом 2 пункта 2 статьи 17 Закона РК «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью».

17. Участник товарищества может нести и другие обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.

18. Взаимоотношения между Участником и товариществом регулируются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан,

6. Порядок формирования и компетенция органов товарищества

19. Органами товарищества являются:

1) высшим органом товарищества является его Участник;

2) исполнительным органом товарищества является Генеральный директор, который назначается Участником сроком до 5 лет, трудовые отношения с которым регулируются в соответствии с трудовым законодательством.

20. К исключительной компетенции Участника товарищества относятся:

1) изменение устава товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение устава товарищества в новой редакции;

2) образование исполнительного органа товарищества и досрочное прекращение его полномочий, а также принятие решения о передаче товарищества или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи;

3) избрание и досрочное прекращение полномочий наблюдательного совета и (или) ревизионной комиссии (ревизора) товарищества, а также утверждение отчетов и заключений ревизионной комиссии (ревизора)

товарищества. Наблюдательный совет товарищества вправе производить проверки финансово-хозяйственной деятельности товарищества, а также утверждение отчетов и заключений. Наблюдательный совет обладает правом безусловного доступа ко всей документации товарищества. Исполнение функций наблюдательного совета может быть поручено представителю Участника товарищества, сроком на 3 года.

4) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода;

5) утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность товарищества, кроме документов, утверждение которых уставом товарищества отнесено к компетенции иных органов товарищества;

6) решение о реорганизации или ликвидации товарищества;

7) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;

8) решение о принудительном выкупе доли у участника товарищества;

9) решение о залоге всего имущества товарищества;

10) решение о внесении дополнительных взносов в имущество товарищества.

11) участвовать в рассмотрении любых вопросов, связанных с деятельностью товарищества, а также отменить любое решение иных органов товарищества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности товарищества

21. Генеральный директор подотчетен Участнику и организует выполнение его решений.

22. К компетенции Генерального директора относятся все вопросы обеспечения деятельности товарищества, не относящиеся к компетенции Учредителя.

23. Полномочия Генерального директора товарищества:

1) без доверенности действует от имени товарищества;

2) выдает доверенности на право представлять товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия;

3) в отношении работников товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания в пределах, предоставляемых Участником;

4) обеспечивает выполнение текущих и перспективных рабочих программ;

5) несет персональную ответственность за финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества;

6) осуществляет иные полномочия, не отнесенные к компетенции Участника.

24. Для осуществления контроля деятельности Генерального директора Учредителем товарищества может быть принято решение о создании наблюдательного совета.

Деятельность наблюдательного совета товарищества и порядок принятия им решений определяется правилами и иными документами, принятыми Участником.

7. Распределение чистого дохода товарищества между его участниками

25. Распределение чистого дохода, полученного товариществом по результатам его деятельности за год, производится в соответствии с решением Участника товарищества, посвященного утверждению результатов деятельности товарищества за соответствующий год.

26. Товарищество формирует резервный капитал, направляя не менее 5% прибыли на эти цели.

8. Порядок представления Участнику товарищества документов и информации о деятельности товарищества

27. Генеральный директор товарищества ежегодно предоставляет Участнику товарищества информацию о деятельности товарищества за истекший год.

28. После предоставления Генеральным директором товарищества информации о деятельности товарищества Участником определяется удовлетворительная или неудовлетворительная оценка деятельности товарищества за истекший период.

29. В случае изменения состава Участников товарищества, Генеральный директор товарищества не менее чем за 15 (пятнадцать) рабочих дней до принятия решения Участника товарищества либо до Общего собрания (в случае, если число учредителей более одного) извещает Участника товарищества и предоставляет информацию о деятельности товарищества Участнику товарищества и приобретателям долей.

30. Генеральный директор товарищества по письменному запросу Участника представляет информацию о деятельности товарищества в сроки, установленные Участником.

31. Порядок представления и объем информации о деятельности товарищества приобретателям долей устанавливаются Уставом, решением Участника и предварительным договором о приобретении долей.

32. По требованию Участника товарищества товарищество обязано предоставить копии документов, касающиеся деятельности товарищества, в установленные сроки:

- 1) устав товарищества
- 2) разрешения на занятие определенными видами деятельности и (или) совершение определенных действий.

- 3) документы, подтверждающие права товарищества на имущество, которое находится (находилось) на его балансе
- 4) материалы по вопросам деятельности наблюдательного совета, протоколы (решения) исполнительного органа

33. Информация о деятельности товарищества не реже двух раз в год публикуется в средствах массовой информации, определенных требованиями законодательства.

9. Сведения о размере уставного капитала товарищества

34. Уставной капитал товарищества составляет

_____ который на момент государственной перерегистрации товарищества полностью сформирован.

35. Государственный вклад:

36. Вкладом в уставный капитал товарищества могут быть деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права, в том числе право землепользования и право на результаты интеллектуальной деятельности и иное имущество.

37. По решению Участника может быть изменен размер уставного капитала товарищества путем уменьшения или внесения дополнительных взносов, производимых Участником.

38. Имущество товарищества учитывается на его балансе.

10. Реорганизация и ликвидация товарищества

39. Товарищество может быть реорганизовано или ликвидировано по решению Участника либо по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.

40. Порядок реорганизации и ликвидации товарищества регулируется Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законами и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

11. Заключительные положения

41. Товарищество в своей деятельности руководствуется настоящим уставом и законодательными актами Республики Казахстан.

42. Правоспособность юридического лица возникает в момент его создания и прекращается в момент завершения его ликвидации. Правоспособность юридического лица в сфере деятельности, на занятие которой необходимо получение разрешения, возникает с момента получения такого разрешения и прекращается в момент его изъятия, истечения срока

действия или признания недействительным в установленном законодательными актами Республики Казахстан порядке.

Учредитель (Участник) товарищества:

Исполняющий обязанности руководителя ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог города Темиртау».

Хасенов К.М.



Пропито и пронумеровано

на 15 (пятидесяти) листах
ГУ "ОЖКХ, ЦТ и АЛ и Т смиртау"
И.о.руководителя К. Хасенов

